

## Ата – аналар үшін педагог – психологтың кеңестері



Жасөспірім кезеңіндегі әдетте ата – аналар қиын жағдайларға душар болады. Олар жасөспірімнің қанатын жайғызбай өбектейді немесе «сен еркексің», «өз күніңді өз көр» - дейді. Бала үшін бұл сценарийдің екеуі де қажетті нәтиже бере алмайды.

Егер байқасаңыз осы кезеңде жасөспірімнің қандай үлкен жүктемені арқалап жүргендігін көрер едіңіз. Олардың қатарына қарқынды оқу, кәсіби қалыптасу, қыздармен (жігіттермен) қарым – қатынас орнату, отбасын құру, ішкі «мен» сезімін қалыпқа келтіру т.с.с.

Осы кезеңде көпшілік ата – аналар әлсіздік көрсетеді және жасөспірім өмірде өз жолымен жүреді деп есептейді. Бұл дұрыс та, оларға еркіндік беру керек, өз шешімдерін қабылдауына жағдай жасау керек. Бұл бір жағынан. Екінші жағынан баладан артық сізге ешкім жоқ екендігін ұмытпаңыздар. Сіздің кеңесіңіз, сіздің моральдық қолдауыңыз, түсінуіңіз, махаббатыңыз 5 жаста емес тап осы кезеңде қажет болады.

- Егерде сізден сұраса, сіз кеңес бере аласыз. Бірақ осы кеңесіңізді бала міндетті түрде қабылдайды деп күтпеңіз. Егерде ойлағандай болмаса «мен ескерттім ғой» - деп айтпаңыз.
- Осы кезеңде баланы қолдау өте маңызды. Тіпті сіздің көз қарасыңыз бойынша балаңыз дұрыс жасамай отырса да. Қазіргі уақытта баланың өз күшін, өз мүмкіндіктерін сезіне білуі, өз әлеуетін көре білуі.
- Жасөспірім кезінде бала кінәшіл, тез қабылдағыш болады. Сізге жеңіл көрінген нәрсе оны депрессияға әкеліп соқтыруы мүмкін.
- Оның мәселелеріне, көңіл күйінің түсуіне ешқашан да немқұрайлы қарамаңыз. Сізге қарапайым болып көрінген нәрсе оған жаңа, бейтаныс болып көрінеді.
- Қаншалықты қолыңыз тимей жатса да, баламен сөйлесуге уақыт табыңыз. Тек сұрақ – жауап түрінде емес, сеніммен, сынсыз, ақыл айтпай сөйлесіңіз.
- Шектен тыс баланы өбектеудің қажеті жоқ. Мұнымен сіз балаға көмектеспейсіз, керісінше зиян келтіресіз. Өбектеген жағдайда сіздің балаңыз өз күшіне сенетін, өмірлік өзінің ұстанымы бар ересек азамат болып өспейді.

Жалпы айтқанда ұстаным қарапайым, дәрігерлердікі сияқты – балаға зиян келтірме, оған қолдау көрсетуді ұмытпа. Әрине мұны ұстану оңайлыққа соқпайды. Егерде сіз өз балаңызға бақытты және толыққанды өмір тілесеніз, өз балаңызды ата – ананың махаббатысыз қалдырмаңыз.

